



**Проблемалық оқыту
психологиясы**

«Проблема» - шешілуі тиіс көкейкесті мәселе,
психологиялық категория.

Проблемалық оқыту

-оқытудың әдіс –тәсілдерін қолдана
отырып, білімді шығармашылық
тұрғыдан меңгеруге негізделген
дидактикалық жүйе.



Проблемалық оқыту дегеніміз мұғалімнің басшылығымен келелі жағдайлар туғызу және оны оқушылардың шешу жолындағы өзіндік қызметінің нәтижесінде шығармашылдығын, кәсіптік білімін, дағдысын, іскерлігін, ойлау қабілетін жетілдіруді туғызу. (Г.К.Селевко).

Проблемалық оқытудың ерекшелігі –
мұнда мұғалім білімді дайын түрде
баяндап бермейді, оқушылардың
алдына проблемалық міндет қояды.
Шешімді және шешу құралдарын
оқушы өзі ойластыру тиіс.




Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары :


- ❖ оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- ❖ оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;
- ❖ түрлі проблемаларды көріп, қойып , шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру;
- ❖ кез келген нақты қызмет саласында өз ерекшелігі болатын кәсіби проблемалық ойлау жүйесін қалыптастыру және дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясының мақсаттары:

Проблемалық оқыту технологиясының негізін
салушылар мен зерттеушілер



Махмутов Мирза Исмаилович.



Американың ірі ғалымы
Джон Дьюи
оқушылардың
практикалық іс – әрекеті
кезіндегі
интеллектуалдық
мүмкіндіктерін дамыту
идеясын алдыға тартты.
Өз зерттеулерінде
оқушылардың
белсенділігі дамуына
басты назар аударды.



Лернер Исаак Яковлевич
Педагог, педагогика
ғылымының докторы,
профессор .

Проблемалық оқытудың
4 түрін көрсеткен :

- **Баяндама**
- **Эвристикалық (пікір алысу)**
- **жеке ізденіс**
- **зерттеу әдістері**

Мәселелік оқытудың 3 әдісі:

- мәселелік мазмұндама;
- жартылай-ізденістік іс-әрекет;
- өз бетінше зерттеу іс-әрекеті.



Дәрістегі оқу материалын *мәселелік мазмұндама*: мұғалім мәселелік сұрақтар қояды, мәселелік тапсырмалар құрастырады және оны өзі шешеді; оқушылар шешімді іздеу үрдісіне тек ойша ғана қосылады. Мәселелік мазмұндама “білім-ікемділік” береді.

Жартылай-ізденістік әдіс: мұғалім мәселелік сұрақтар жүйесін ойлап табады, мүмкін болатын сілтемелерді ойлап табады, оқушылардың жауаптарына сүйене отырып бастысын анықтайды. “Білім-трансформация” қалыптасады.

Зерттеу әдісі: оқушылар өз бетінше мәселе қалыптастыруда және мұғалімнің бақылауымен оны шешеді (курстық, дипломдық жұмыстар, СҒЗЖ). Бұндай оқытуда берік “білім-трансформациялар” қалыптасады.



Назарларыңыз
ға Рақмет!!!

